# 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

ҚазақстанРеспубликасындабілімберудіжәне ғылымдыдамытудың жылдарғаарналғанмемлекеттікбағдарламасынасәйкесСаржансай орта мектебінің оқу-жәнеидеологиялықтәрбие құндылықтарғанегізделінпроцесі біріңғай ұйымдастырылуда. Тәрбиежұмысыныңнегізінжалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға ұлттыққұндылықтар, мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Ұлттық жәнебағынушылық, этникалықжалпыадамзаттыққұндылықтардыоқушыныңжекемәдениетіне, тұлғалық құндылығынаайналдыру мақсатындаотбасы-мектеп-оқушы үштігініңқатысуыменжылдықтәрбиежұмысынкешендітүрдежүргізужоспарланды. 2022-2023 оқу жылындағытәрбиежұмысыныңерекшелігі құндылыққанегізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы.

**Мақсаты**: Еліміздің азаматтарыжәнепатриоттарыретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесіболып, кәсіби, интеллектуалды жәнеәлеуметтікшығармашылыққажетуінеоңтайлыжағдайжасау.

2021-2022 оку жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбиебағдарламасыніске асырушеңберіндетөмендегіжобалармектептіңтәрбиежоспары жетекшілердіңтәрбиежоспарынаенді.

«Оқуға құштармектеп»;
«Отбасы - орта мектеп»;
«Құқықтық сана-қауымға пана»;
«Дәстүр мен ғұрып»;
«Еңбек – елдіңмұраты»;
«Үнем – Қоғам қуаты»;
«Ертежастанбастапэкологиялықмәдениет»;
«Психологиялық көмеккөрсетужәнемектептіңтатуластыру қызметтерін ұйымдастыру»;
«Қоғамғақызмет»;
«Дебат» қозғалысы;
Оқушылардың «Өзін-өзібасқару» ұйымдары;
«Өзін-өзібасқарукүні», «Өзін-өзібасқаруаптасы» жобалары;
«Театр сабақтары» жобасы.

Жобалардыңнегізгіидеясыбілімалушылардыұлттықжәне жалпыадамзаттық құндылықтарнегізіндетәрбиелеуболыптабылады. Жобаматериалдары Ы. Алтынсаринатындағы Ұлттық білім академиясының сайтынаналынды. https://www.nao.kz).

Тәрбиежұмыстарытөмендегідей нормативті-құқықтық құжаттарнегізінде ұйымдастырылуда:

«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
ҚазақстанРеспубликасыныңКонституциясы;
«Неке» (ерлі-зайыптылық) жәнеотбасытуралы» ҚР Кодексі2011 жылғы 26 желтоқсандағы No518-IV Кодексі;
2030 жылғадейінгіҚР отбасылықжәнегендерлік саясат тұжырымдамасы. 2016 жылғы 6.12 No384 Жарлығы;
«ҚазақстанРеспубликасындағыбаланың құқықтарытуралы» ҚР Заңы 2002 ғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасытуралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV;
«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы2018 жылғы 02 шілдедегі No169-VI;
«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319;
ҚазақстанРеспубликасыҮкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы N988 қаулысыменбекітілген ҚазақстанРеспубликасындабілімберуді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналғанмемлекеттікбағдарламасы;

ҚазақстанРеспубликасыБілім және ғылымминистрлігінің 2019жылғы 15сәуірдегі №145 бұйрығыменбекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасыныскеасыружағдайындағы тәрбиеніңтұжырымдамалық негіздері;
ҚазақстанРеспубликасыБілімжәне ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
Сыныптан тыс жұмыс пен тәрбиелікіс-шараларды жоспарлауда 2021-2022 оқу жылындаатальпөтетін төменде көрсетілгенмерейтойлық күнтізбеліккүндерге назараударылды:
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 30 жыл:
Семей ядролық полигонның жабылуына - 30 жыл
Қазақтың аса көрнекті ағартушыпедагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы. Алтынсариннің туғанына - 180 жыл
Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, , өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына - 175 жыл;
Қазақтыңәйгілі күйші композиторы, Қазақстанныңхалық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына - 160 жыл:
Көрнекті қоғам жәнемемлекетқайраткері, ұлт-азаттықжәнеАлашжетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы ӘлиханБөкейханныңтуғанына - 155 жыл;
Қазақақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғамқайраткеріАхмет Байтұрсынұлының туғанына-150 жыл;
Қазақтың лирик ақыныМұқағалиМақатаевтыңтуғанына - 90 жыл.
Көрнекті этнограф, жазушы, әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл.

Тәрбиежоспарыннегізге ала отырып төмендегідейіс-шаралараткарылды.

1-қыркүйек – Білімкүніжәне жаңа 2022-2023 оқу жылыныңбасталуына арналған

2022-2023 оқу жылына жоспар құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Білім күніне арналған салтанатты жиын. Салтанатты іс- шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл- күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Жаңа 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі мереке- Білім күні өтті. Мектебімізді биылғы оқу жылы 1 қазақ сыныбынан 24 оқушы, 1 орыс сыныбына 10 оқушы қабылданды. Салтанатты жиынға мектеп директоры, Тәңірберген селолық округінің әкімі қатысты. Алғаш мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерге ерекше тілектер айтылды. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту көтірілді. Ту көтеру мәртебесі Республикалық «Жас құтқарушылар» сайысының жеңімпазы 11 сынып оқушысы Сидоренко Равиль мен 9 сынып оқушысы Үздік куәлік үміткері Бекеешова Арайлымға берілді. Салтанатты жиыннан соң 1-11 сыныптарға "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Білім күні құтты болсын.
https://www.instagram.com/p/Ch8_Bsqjbtc/?utm_source=ig_web_copy_link



*Жоспарға сәйкес, тәрбие бөлімі бойынша нұсқаухатта көрсетілген «Менің жарқын жазғы оқиғаларым» онлай- акциясы өткізілді. Акцияға 2-3 сынып оқушылары өте белсенді қатысты. Акция барысында мектетің әлеуметтік желісіне оқушыларымыздың дайындағанбейнероликтері салынды.*

https://www.instagram.com/reel/Ch_cy1tDYkN/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/Ch_cr8pjqFv/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/Ch_cm_pDu-9/?utm_source=ig_web_copy_link



Отбасы күніне орай ұйымдастырылған іс- шара

Отбасы күніне арналған 3-6 сынып ата-аналары арасында "Көңілді мәре" эстафеталық ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: : Ата- ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу. Шара ҚР мемлекеттік әнұраны шырқалды. 10 сынып оқушылары Мұратбаева Нұршат пен Кашкинбаева Алина ән шашу арнады. Аталмыш шараға сыныптар бойынша 4 ата- ана қатысты, ойын 5 бөлімнен құралды. Жиналғандардың барлығы көтеріңкі көңіл-күймен келіп, әр сынып ата- аналары өздерінің спорттық дайындықтарын, ауызбіршілігі мен жылдамдықтарын көрсете білді. Төрешілік еткен Генжебаев Б мен Ускинов А. Шара барысында мектебіміздің тәрбие орынбасары Кундебаев Н.Д. сөз сөйледі. Барша қатысушыларға алғысымызды білдіреміз, Отбасы күнімен құтты болсын! Әр шаңырақта шаттық, береке және молшылық болсын!
https://www.instagram.com/reel/CikOhrGjrLE/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/CikZIt_Dqnr/?utm_source=ig_web_copy_link



***«Денсаулық фестивалі-2022» іс-шарасы бойынша түрлі спорттық жарыстарды онлайн форматында ұйымдастырылуы*** 19 қыркүйек күні Саржансай ЖОББ мектебінде 1- 2 сыныптарға «Денсаулық сандарына жет!» ұранымен Денсаулық фестивалі өткізілді. Денсаулық фестивалінің мақсаты: оқушылардың белсенді өмір салтын жүргізуге назарларын аудару, денсаулық үшін қимыл белсенділігінің артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру. 1-2 сыныптар үшін «Көңілді эстафета» ұйымдастырылды. Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. Сынып оқушылары 4 топқа бөлініп өзара бақ сынады. Оқушылар 4 кезеңнен тұратын эстафетадан көтеріңкі көңіл күй алды. Жарысқа қатысқан оқушылар арнайы марапаттауға ие болды.



Қазан Қарттар күніне арналған мерекелік шаралар Қазан айының алғашқы мерекелері қарттар және ұстаздар мерекесі тоғысқан күніне орай "Қоғамға қызмет" жобасы "Ардагер ұстазға бас иеміз" акциясын қолға алды.
Мақсаты:Қарт адамдарға үздіксіз көмек көрсету, үлкендерді құрметтеу, ата әжелердің ақыл-кеңестерін тыңдап, ақ тілек, ақ батасын алу және оқушылардың қамқорлық пен жанашырлық сезімдерін ояту арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Акция барысында "Қоғамға қызмет" ұйым мүшелері мектебіміздің ардагер ұстазы Идрисова Манар апайды мерекесімен құттықтап, үйіне барып көмек беріп қайтты.
Осындай игілікті істер әлі де жалғасын табады деп сенеміз.
#қарттаркүні#қоғамғақызметақтөбе
#дублеркүні@martuk_bilim_bolimi@tanirbergen_auldyk_okrugi
https://www.instagram.com/p/CjFyhMEjBMj/?utm_source=ig_web_copy_link



Мұғалімдер күніне арналған іс- шаралар туралы мәлімет
Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шаралар
Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде арнайы жоспар құрылып сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Дублер күні жоспарланды. Аудандық білім бөлімінен келген хат негізінде «Ұстазыңды құттықта»байқауы жарияланып, әлеуметтік желіде ұстаздарды құттықтау видеолары жүктелді. Мектеп оқушыларының барлығы қамтылды. Бітіруші сыныптар 11 қазақ және орыс сыныптары, Жас Ұлан ұйымы ерекше форматта құттықтаулар жіберді. Ата- ана Мелешко Любовь Владимировнадан мұғалімдерге арналған құттықтау жіберілді. Барлық құттықтаулар әлеуметтік желіге жүктелді.
30 қыркүйек күні мектептеерекше атмосфера орын алды. Сағат 8/00 ден музыкалық сүймелдеумен Мектеп Парламенті мен Жас Ұлан ұйымының белсенділері ұстаздарын қарсы алды. Мектебіміздің акт залында Жас мамандардың ұйымдастыруымен Мұғалімдер күніне арналған мерекелік шара өтті. Шараға мектептің адрагер ұстаздары мен Саржансай ЖОББМ ұжымы қатысты. Ауданда өткен мерекелік шараға мектеп ұстаздарынан Идрисова Айгуль Сериковна облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен Насырова Айшолпан Аманкуловна Аудандық білім бөлімінің басшысының Құрмет грамотасымен марапатталды.
Білім мен ғылымға арнаған істеріңіз абыройлы болып, құрметтеріңіз әрдайым арта берсін! Болашақтың тұғыры жастарымыз білімді де іскер болсын! Тәуелсіз еліміз көркейіп, өркендей берсін! Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты Ұстаздар!
#ұстазыңдықұттықта
#ұстаздаркүні
#поздравьсвоегоучителя #деньучителя
#дублеркүні
Қосымша ақпарат мектебіміздің әлеуметтік желісінен көруге болады.
https://www.instagram.com/reel/CjJYHX1jTlf/?utm_source=ig_web_copy_link

«Алтын күз» күз мерекесіне орай өткізілген іс- шаралар туралы Алтын күз мерекесіне мектебімізде дәстүрлі түрде қазан айының екінші аптасынан бастап жүргізілді. Мерекеде оқушылар буын бойынша бөлініп 3 форматта өткізілді. Алдын ала салынған хабарландыру бойынша жүзеге асырылды.



Табиғат - адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағын шашатын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық.

1-4 сынып оқушыларына. Балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру; сыныптастар арасында ауызбіршілікті нығайту, жағымды атмосфера орнату мақсатында "Алтын жапырақ төккен күз" тақырыбындағы фотосессия байқауы жүргізілді. Нәтижесінде: 1 орын- 4 сынып; 2 орын- 1 қазақ сыныбы; 3 орын- 1 орыс сыныбы мен 2 сынып; 3 қазақ пен 3 орыс сынып оқушылары Алғыс хаттармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Cj24qyUoYvf/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cj246AAIqes/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cj25JT3I88s/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cj25i4RIqxy/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cj27BvzIdDA/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cj27NyDIFA9/?utm_source=ig_web_copy_link




5-7 сынып оқушылары Алтын күз мерекесін ұйымдастыру жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар арасындағы "Күз сыйы" күзгі себет дайындау байқауының көрінісі.
Мақсаты: Оқушылардың күз мезгілінің ерекшелігі туралы, күзгі молшылық, береке туралы түсініктерін кеңейту; ұжым болып жұмыс жасауға дағдылау.
Нәтижесінде: 1 орын- 5 орыс сыныбы; 2 орын- 6 орыс сыныбы; 3 орын- 5 қазақ пен 6 қазақ сынып оқушылары және 7 сынып Алғыс хатпен марапатталды.
https://www.instagram.com/reel/Cj8dSneAFl2/?utm_source=ig_web_copy_link
"Ғажайып күз" тақырыбында 8-11 сынып оқушылары мен жетекшілері арасында сайыс өтті. Сайыстың мақсаты оқушылардың өзара байланысын нығайту, өнеге, салауатты өмірге, мәдениетке баулуға бағытталған. Сынып жетекшілері басшылық еткен сайысқа 6 топ қатысты.
Сайысқа қатысушылар 4 кезең бойынша сынға түсті. Қорытындысында
1 орын 9 сынып; Жетекшісі: Кулпайстанова И.Р.,
2 орын 11 қазақ сыныбы; Жетекшісі: Насырова А.А.,
3 орын 8 қазақ сыныбы; Жетекшісі: Смайлова С.А., және 8 орыс сыныбы; Жетекшісі: Аяпова Ж.Р. бұйырды.Сайысқа қатысқан барлық қатысушыларға Алғысымызды білдіреміз!!!
https://www.instagram.com/p/CkVWr6ZLoG5/?utm_source=ig_web_copy_link





Жоғарыдағы жүргізілген жұмыстардың барлығы жоспар бойынша жүргізілді, жоспардағы барлық шаралар қамтылды. Жоспардан тыс, 25 қазан Республика күніне орай жоспар құрылып, "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!" тақырыбында мерекелік концерт жоспарланды.

Республика күнін атап өту тұжырымдамасы аясында өткізіліп жатқан жоспарға сәйкес мектебімізде "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!" тақырыбында мерекелік концерт өтті.

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

https://www.instagram.com/reel/CkBgWDAl05Y/?utm_source=ig_web_copy_link




1 тоқсан бойынша педагог ұйымдастырушының жоспарға сәйкес шаралары толығымен қамтылды. Мектепте «Жас Ұлан» балалар ұйымы жеті бағытта , өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстардағы кемшіліктер мен ұсыныстар ескеріле отырып, ұйымның 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Ұйым өзін-өзі басқаруды міндетке ала отырып жұмыстар жүргізеді, белсенділерінің отырыстары өткізіліп, хаттамалары толтырылып тұрады.

Қыркүйек айының 22-сі Ұланбасы сайлауы кеңес отырысында өткізілді. Сайлауға 2 үміткер қатысып, дауыс беру нәтижесінде ең көп дауыс жинаған оқушы ұланбасы атанды. Мектеп директорының №118 бұйрығы бойынша мектеп ұланбасы болып 10-сынып оқушысы Мұратбаева Нұршат тағайындалды. Сайлаудың хаттамасы толтырылды.

https://www.instagram.com/p/CiZp0hHrirg/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/p/CiwdDZtDPLs/?igshid=YmMyMTA2M2Y=





Ұйым жоспары бойынша қыркүйек айында Ұланбасы болып сайланған Мұратбаева Нұршат туралы «Таныс болайық!» инстаграм аккаунтта пост жарияланды. Кеңес отырысы өткізіліп, кеңес мүшелері өз қызметтеріне сайланды.




https://www.instagram.com/reel/Ciy-LFBjovo/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

**Ұланбасы:** Мұратбаева Нұршат 10-сынып оқушысы
**Ұланбасының орынбасары:** Бекешева Арайлым 9-сынып оқушысы
**«Жас қыран»ұйымының бөлімбасы:** Курмаш Раушан 9- сынып оқушысы
**Сыныпбасылар басшысы:** Журунтаева Айдана 9- сынып оқушысы
**«Зерде» бағытының бөлімбасы:** Сатканбаева Ұлбике 10- сынып оқушысы
**«Руханият» бағытының бөлімбасы:** Кашкинбаева Алина 9-сынып оқушысы
**«Отан» бағытының бөлімбасы:**Мұратбай Асылзат 8- сынып оқушысы
**«Салауат» бағытының бөлімбасы:**Сұлтанов Ералы 9-сынып оқушысы
**«Еңбек» бағытының бөлімбасы:** Реймбаев Нұрхат 9-сынып оқушысы
**«Жеті жарғы» бағытының бөлімбасы:**Мұхамибедин Ақниет 8-сынып оқушысы
**«Экоәлем» бағытының бөлімбасы:** Даулетбаев Нұрасыл 10-сынып оқушысы.

2-10 сыныптардың топ басшылары сайланды. Олар:

**2-сынып топ басшысы:**Бахтығали Нұрболат
**3-сынып топ басшысы:** Бекболат Айбар
**3 (орыс) –сынып топ басшысы**: Хоренко Анатолий
**4 -сынып топ басшысы:**Бекболатова Элеонора
**5-сынып топ басшысы:** Бекболат Айдар
**5(орыс)- сынып топ басшысы:**Шкепу София
**6 -сынып топ басшысы:** Кеңшілік Әйгерім
**6(орыс)- сынып топ басшысы:** Алибекова Альфия
**7- сынып топ басшысы:** Досан Айым
**8- сынып топ басшысы:** Асқарбекқызы Жанель
**8(орыс)- сынып топ басшысы:**Бакитиов Алан
**9-сынып топ басшысы:** Бекешева Арайлым
**10- сынып топ басшысы:**Кашкинбаева Алина

14-15 қыркүйек күндері оқулықтар рейді жүргізілді.



Рейд нәтижесімен сынып жетекшілерді таныстырылып, ескертулер жасалды.

Ұстаздар күніне арналған «Алғыс айтам, ұстазым!» атты құттықтау акциясы







ұйымдастырылып, видеосы инстаграмм аккаутта жарияланды.https://www.instagram.com/reel/CjHvTGNjMY_/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектебімізде 7-8 сынып оқушыларының арасында ПЛОГГИНГ ұйымдастырылды. Белсенді сынып оқушылары өздеріне тиесілі аумақтарды жүгіріп өту арқылы қоқыс жинаудан жарысқа қатысты. Қорытынды бойынша:
I орын- 8 қазақ сыныбы;
II орын-/8 орыс сыныбы
III орын- 7 сынып иеленді.https://www.instagram.com/tv/CjpOs8doaih/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

  

Қазан айының 24-28 аралығында «Күнделік- оқушы айнасы» атты рейд өтті. Рейд нәтижесімен сынып жетекшілер таныстырылып, түзетулер қайта қаралды.

2 тоқсан жоспарына сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді. Күнтізбеге сәйкес мерекелердің барлығы қамтылды. Тоқсан бойынша басты назарда 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесі болды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде Жас Ұлан мен Жас қыран ұйымына қабылдау салтанатты жиын өткізілді. Жиынға 2 сынып пен 5 сынып оқушылары ант қабылдады. Салтанатты жиынға ауыл әкімі Бекжанов Мелет Темірханұлы мен оқушыларға төсбелгі мен галстук алуға демеушілік көрсеткен Дариманов Нурбек шараның құрметті қонақтары болды. Және де Тәуелсіздік күніне орай мектебіміздің «Қамқор» еріктілер клубы жалғызбасты қарияларға барып өз көмектерін көрсетті. Саржансай мектебінің ардагер ұстазы Мадарова Света апайдың үйіне шаруашылығына қол көмектерін берді.

Үлкенге құрмет. Қазақ үшін волонтерлік таңсық емес. Қай заманда да қол ұшын созып, көмек беру және оны пұлдамау- сауап деп өскен ұрпақпыз. Әлем халқының 970 миллионы волонтер болса, онда әр қазақтың қанында волонтерлық бар деп айтсақ артық болмас. Мектебіміздің «Қамқор» еріктілері Қазақсан Республикасының Тәуелсіздік күні аясында құрылған жоспарға сәйкес осындай қайырымдылық жұмысын жүргізді.

*https://www.instagram.com/p/CmJmpsloMF8/?igshid=YmMyMTA2M2Y=*



*Жоспар бойынша барлық шаралар қамтылды. Қамтылмай қалған шара «Кешегі студент- бүгінгі маман» студенттер күніне орай жас мамандар мен оқушылар арасында дөңгелек үстел Мақсаты: Кәсіптік бағыт – бағдар беру. Алдағы уақытта осы шараны кісіптік бағдар бойынша қамту.*

15-17 қараша аралығында «Алтын қалам» көркем жазу байқауы 5-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.Мақсаты: Оқушыларды сауатты, мәнерлі, көркем жазуға баулу. Ұқыпты , таза жазуға машықтандыру.Байқауға барлығы 34 оқушы қатысты. Іс-шара қорытындыланып, жеңімпаз, жүлдегер оқушылар марапатталды. Байқауға қатысушылардың санын көбейту туралы ұсыныс жасалды. Ата- аналар тарапынан алғыс айтылды.

https://www.instagram.com/p/Ck89VjQrKJw/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

25 қараша күні 8-10 сынып оқушылары арасында «Жайдарлы Жас Ұлан» жайдарман ойынының ұйымдастырылды.Мақсаты: Оқушылардың бастамаларына қолдау білдіріп, бос уақыттарын тиімді пайдалану, шығармашылыққа баулу. Аудандық жайдарман ойынына қатысушыларды іріктеу. Ұйым жоспары бойынша 2022жыл- Балалар жылына арналған дәстүрлі «Жайдарлы Жас Ұлан» жайдарман ойыны ұйымдастырылды. Еркін тақырыпта 8,9,10 сыныптар арасында қызықты ойын өтті. Әділ-

қазылардың шешімі бойынша 8 сынып оқушыларынан құралған «Just my universe» жайдарман тобы I орынды иеленіп, II орынды 10 сынып оқушыларынан құралған «Көз тимесін» тобы, III орынды «Фемида» тобы 9-сынып оқушылары иеленді. 9- сынып оқушысы Тәшіғұлов Данияр «Үздік ойыншы» атанды.

https://www.instagram.com/reel/Clk5fYBoFPo/?igshid=MDJmNzVkMjY=







14-ші желтоқсан ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдығы, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдығына орай «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 2,5- ші сынып оқушыларын қабылдауға арналған салтанатты жиын өтті. Мақсаты: Қазақстандық патриотизмді әр оқушының бойына өмірлік принциптері ретінде қалыптастыру. Ұйымға жаңадан қабылданатын оқушыларға галстук пен төсбелгі тағу . Ұйымға барлығы 45 оқушы қабылданды. Оның ішінде «Жас Ұланға»-22, «Жас қыранға»- 23 оқушы. Жиын ҚР мемлекеттік Гимнімен басталды. «Жас Ұландар әні» орындалды. Салтанатты жиынға қонақтармен қатар, Жас Ұландық түлектер де шақырылды. Жиын мерекелік бағдарламаға ұласты.
https://www.instagram.com/p/CXg4vj1rRjW/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/CXg50eiMY6v/?utm_source=ig_web_copy_link






Жаңа жыл мерекесін атап өту туралы ақпарат Тақырыбы: «Төрлет, құтты Жаңа жыл»
Жаңа жыл мерекесіне орай мектебімізде өткізілу кестесі құрылды. Сынып жетекшілеріне хабарланды.

Желтоқсанның 28-29 желтоқсан күндері мектеп алды даярлық тобы мен 1-11 сынып оқушылар арасында жаңа жыл мерекесі өткізілді.

28 желтоқсан күні мектебімізде қуанышқа да, ғажайыпқа да толы жаңа жылдық шырша мерекелері аталып өтті. *Мақсаты*: Балалардың *жаңа жыл* мерекесіне деген қызығушылығын арттыру. Көңіл күйлерін көтеру. Даярлық тобы мен 1 сынып оқушылары үшін бастау алған мереке, жоғары сыныптардың тойлауымен өз жалғасын тапты. «Төрлет, құтты Жаңа жыл!» атты мерекеге балалар аса зор дайындықпен келіп, өз өнерлерімен таңқалдырды. Өнерлі де, өнегелі балалар ән салып, би билеп, Аяз ата мен Ақшақарды шақырып, мерекенің ең басты сәні, шырша жырын шырқады. Жаңа жылдан қандайда бір сиқыр, ғажайыпты күтетін балалар, әрине сыйлықсыз қалмады. Аяз ата мен Ақшақар барлығына да сыйлықтарды үлестіріп берді.

5-6 сынып оқушылары үшін «Жаңа жылдық саяхат/ Новогоднее путишествие» тақырыбы алынды. Мақсаты: оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту; ертегілерді (елді) сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге дағдылау. Оқушылар алдың ала алынған елдері бойынша өз өнерлерін көрсетті. Аяз ата мен Ақшақар ыстық елдерге саяхат жасады. Кеш барысында әр станцияға тоқтап сыныптардың өнерлерін көрді.

8-11 сынып оқушылары үшін *«Жаңа жыл кеші»/ «Новогодний вечер»* тақырыбы алынды. 11 сынып оқушылар шарасы өз басшылықтарына алып, әр сыныптан 1 ойын, 1 жаңа жылдық костюм және 1

номер алынды. Оқушылар өз шеберліктерін танытып жаңа жыл кешіне дайындықтарын көрсетті. Ең үздік деп танылған жаңа жылдық костюмдер ақшалай сертификаттармен марапатталды. Сертификат сынып жетекшілері тарапынан оқушылардың еңбектері үшін берілді. 1 орын 11 орыс сыныбы – 3000 теңге; 2 орын 8 орыс сыныбы- 2000 теңге; 3 орын 9 қазақ сыныбы – 1000 теңгелік сертификат табысталды.
Шараның әлеуметтік желіде салынған сілтемесі:
https://www.instagram.com/reel/CmvQhsQj6R9/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/CmvsAL5OxKF/?utm_source=ig_web_copy_link

3 тоқсан жоспарына сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді. Күнтізбеге сәйкес мерекелердің барлығы қамтылды.
Жоспар бойынша 19 қаңтар күні студенттермен кездесу кеші өтті. Әрбір жас мектеп қабырғасынан түлеп ұшқаннан соң жоғары оқу орнына түсуді армандайды. Жүрегі қалаған мамандықты игеріп, өмірге "бір кірпіш болып қалануды" мақсат тұтқан студенттер кейінгі ізбасарларына үлгі-өнеге болуға тырысады. Студент ауыл жастарының қысқы демалыс уақытында мектебімізде дәстүрге айналған "Студенттік өмір, ерекше әлем" тақырыбында кездесу кеші өтті.
Кеште оқушылар студенттерден өздері қалаған мамандық, оқу үрдісі, болашаққа деген мақсаттары, жоғары оқу орындары туралы сұрақтарын қойып, өз сұрақтарына толыққанды жауап алды. Алдағы уақытта мектепті аяқтағалы отырған жасөспірімдерге олар да өз тараптарынан жоғары білім алу үшін тыңбай іздену, жан- жақты болу керектігін айтып кеңестерімен бөлісті. Кездесу барысында жастар мен оқушылар арасында түрлі ойындар ойнатылды. Шараның соңы студенттердің ақ тілектерімен аяқталды.
https://www.instagram.com/reel/CnmpZQkuQXG/?utm_source=ig_web_copy_link




26 қаңтар күні 1-6 сынып оқушылары арасында «Жұлдызға жол» өнер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың бойындағы өнерге деген бейімділігін анықтау. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, сахна, эстетикалық мәдениеттілікке тәрбиелеу. Байқауда барлығы 45 бала вокал және хореография номинациялары бойынша 1-3 сыныптар (кіші топ), 4-6 сыныптар (үлкен топ) болып сынға түсті. Байқаудың қорытындысы бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/CoEWj_3oXBu/?igshid=YmMyMTA2M2Y=






1-6 ақпан аралығында 5-11 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқуға құштар Жас Ұлан» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға барлығы 30 оқушы қатысты. Акция барысында қатысушылар «Жау тылындағы бала», «Ұшқан ұя», «Бір ғана ғұмыр» кітаптарын жас ерекшеліктеріне қарай оқып, кітап мазмұны негізінде құрылған тест сұрақтарына жауап берді. Акция қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған 5 оқушы демеуші ата-ана ұсынған ақшалай

сыйлықтармен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/Coo1DVylaCE/?igshid=YmMyMTA2M2Y=





жылдық



15 ақпан күні Жас Ұлан" балалар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес "Мейірімді Жас Ұлан" акциясы аясында мектеп ұстаздары мен Жас Ұландықтардан құралған топ Ақтөбе қаласында орналасқан қарттар үйіне барып, "Қарттарын қадірлеген ел ардақты" атты концерттік бағдарлама ұсынып, жабырқаған көңілдерге демеу болып қайтты. Сонымен қатар, қарттарға ата-аналар, оқушылар мен ұстаздардың шын көңілдерімен дайындап жіберген "Мейірімділік себеттері" табысталды. Кездесу соңында ата-әжелер алғыстарын білдіріп, баталарын берді. Қайырымдылық акциясына жиналған қаржы суммасы- 118500теңгені құрады.

https://www.instagram.com/reel/CouJDAslQ-X/?igshid=MDJmNzVkMjY=





27 ақпан күні 3-4 сынып оқушылары арасында «INTELLECTUM» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың әр салада білімдерін кеңейту, білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз білімін көрсетуге, шығармашылықпен еңбек етуге дағдыландыру. Жаңашылдыққа деген қызығушылығын арттыру. Қатысушылар 3 топқа бөлініп, 6 кезең бойынша сайысты.https://www.instagram.com/reel/Cpb1bN-oFRV/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Дәстүрге айналған Қамқорлық акциясы жоспар бойынша жалғасын тапты.







Күшіміз бірлікте акциясы аясында және жылда дәстүрге айналған Қайырымдылық шарасы негізінде мектебіміздің қайырымды жандары өздерінің әр кез көмек қолын созуға дайын екендерін тағы бір дәлелдеді. Қарттар үйіне қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Қамкөңіл қарияларымызды қай уақытта да назардан тыс қалдырмау біздің міндетіміз.

Мектебіміздің шәкірттері мен ұстаздары қарттарға мерекелік концерттік бағдарлама ұсынып, 5-11

сынып оқушылары мен ата- аналары және ұстаздар дайындаған "Мейірімділік себетін" табыс етті. Белсенді жастардың өнеріне үлкендер қошемет көрсетіп, өз ризашылықтарын білдірді. Біздің мақсатымыз — қарияларымызды қуанышқа бөлеп, бірлігіміз жарасқан бақытты ел екендігімізді көрсету.
Шараға ат салысқан барлық жанға Алғысымызды білдіреміз!!!
https://www.instagram.com/reel/CouLK0tobQ_/?utm_source=ig_web_copy_link


Ақпан айының жоспарына сәйкес «Жарнама жасау өнері» оқушылар арасында байқау ұйымдастырылды.«Білім және тәрбие мекені» тақырыбында мобилографтар сайысы өтетінін хабарлаймыз. Мақсаты: оқушыларды жаңа дағдыға бейімдеп, шығармашылығын арттыру.
**Сайыс талаптары:**
Сайысқа 8-10 сынып оқушылары қатысады;
жұмыстар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады;
бейнежазба 3 минуттан аспауы керек;
видеоматериал мектеп өмірі туралы болу қажет.Сайыс нәтижесі бойынша Даулетбаев Н мен Орынбай М жүлделі орынға ие болды. Оқушылар өз бейнематериалдарында мектеп өмірінен көрініс түсірді.

https://www.instagram.com/p/CowXIJowYO/?utm_source=ig_web_copy_link

*1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғысым шексіз» құттықтаулар шеруі ұйымдастырылды.*
*Мақсаты:* Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту,үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін,сыпайылығын ,қарым қатынасын,әдептілікке,кішіпейілдікке үйрету.
https://www.instagram.com/reel/CpPlyiGIC8K/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/CpQG_40IKpS/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/CpQHCmSoM0-/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/CpQSIRrowGR/?utm_source=ig_web_copy_link қосымша мектеп әлеуметтік желісінен көруге болады.

8 наурыз- халықаралық әйелдер мерекесі. Аяулы анаға, сүйікті жарға, қызғалдақтай құрбы-қыздарға деген тілек ешқашан бір ауыз сөзбен, бір шумақ жырмен шектелмек емес. Ана - бақыт, ана - өмір, ана - гүл.
Мектебімізде көктемнің шуақты мерекесінде нәзік жандыларға ер балалар клубының ұйымдастыруымен мерекелік концерт ұсынылды.
Барлық аруларды мерекемен құттықтаймыз, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс тілейміз!
https://www.instagram.com/reel/CpfnvqrIoI8/?utm_source=ig_web_copy_link




Жоспарға сәйкес дәстүрге айналған «Бауырсақ party» акциясы өткізілді.
Іс-шараның мақсаты – ұлттық мерекенің жалпы рухын қолдау, мектеп қызметкерлері мен оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау. Қазақта «Ас — атасы нан»деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені — нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, жерге тастамауды үйретеді.






Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Жыл басы-наурыз!» мерекелік мектепішілік бағдарламасы ұйымдастырылды.



1-наурыз алғыс айту күніне орай «Құшақта» акциясы ұйымдастырылды. Ұйым белсенділері ұстаздар мен кіші қызметкерлер қауымына алғыстарын білдірді.

https://www.instagram.com/reel/CpQkeh6oDX1/?igshid=YmMyMTA2M2Y=





Наурыз айында «Жас сәнгер» атты жас дизайнерлер байқауы өтті.

Байқауда қатысушылар киім үлгілерінің сызбаларын ұсынып, сынға түсті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағаздарымен марапатталды.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Мектеп аруы-2023» байқауы 7-10 сынып қыз балалары арасында 5 кезең бойынша сынға түсті. Байқаудың мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Байқау қорытындысы бойынша «Мектеп аруы» атағын 9-сынып оқушысы Журунтаева Айдана иеленді. https://www.instagram.com/reel/CpnRawvIQdB/?igshid=YmMyMTA2M2Y=





Жоспарға сәйкес дәстүрге айналған «Бауырсақ party» акциясы өткізілді.



Іс-шараның мақсаты : ұлттық мерекенің жалпы рухын қолдау, мектеп қызметкерлері мен оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау. Қазақта «Ас - атасы нан»деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені - нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, жерге тастамауды үйретеді.




4 тоқсан жоспарына сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді. Күнтізбеге сәйкес мерекелердің барлығы қамтылды.

Сәуір айының 3-і педагог-ұйымдастырушымен біріккен қыздар арасында «Көңілді сөре» спорттық- эстафеталық ойыны ұйымдастырылды.Шараның мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, қыз балалар арасында ауызбіршілікті қалыптастыру, нығайту. Ойынға 7,8,9,10 сыныптан топтар құрылып, қатысты. Ойын қорытындысы бойынша І орынды-8 сынып, ІІ орынды-10 сынып, ІІІ орынды – 9 сынып және 7 сынып иеленді. Топтар мақтау қағаздарымен марапатталды.https://www.instagram.com/reel/CqmlYPTIZ7P/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==





Жеңіс күніне орай ауыл орталығында орналасқан ескерткішке "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" тақырыбында гүл шоқтарын қою салтанаты өтті. Ұстаздармен мен оқушылары Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан батырлардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Мектеп өнерпаздары патриоттық әндер орындап, ел қорғап жүрген азаматтарға жылы лебіздерін білдірді.Салтанатты шараға мектеп ұжымымен қатар «Жас Ұлан» балалар ұйымы, Мектеп Парламенті және ауыл тұрғындары қатысты.Қатысушылар соғыс кезінде ұрыс даласында қаза тапқан сарбаздарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды.



https://www.instagram.com/p/CsB0fl2ojBh/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Қорытынды: Жалпы 2022-2023 ж.ж. оқу жылында «Жас Ұлан» балаалар ұйымы жоспар бойынша өз жұмысын атқарып, хататамалары толтырылып отырды. Ұланбасы- Мұратбаева Нұршаттың атқарған қызметі «жақсы» деп бағаланды.

Салауатты өмір салтын насихаттау, қыз балалар арасында ауызбірішілікті қалыптастыру, нығайту мақсатында 7-10 сынып қыз балалары арасында "Көңілді сөре" спорттық- эстафеталық ойыны ұйымдастырылды. Ойын қорытындысы бойынша:
1орын 7-сынып;
2 орын 9-сынып;
3 орын 8-сынып;
3 орын 10-сынып иеленді.
Үйымдастырған: Педагог-ұйымдастырушы Казенова А.А.,
Спорт нұсқаушы Кулпайстанова И.Р.
https://www.instagram.com/reel/CqmlYPTIZ7P/?utm_source=ig_web_copy_link




Тақырыбы: «Ынтымағы жарасқан ел»1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді.
#бірліккүні #1мамырқазақстанхалқыныңбірлігікүнікүттыболсын #БірліккүніменАқтөбе2023
***Шаралардың сілтемелері:***
https://www.instagram.com/p/CrplvwplaNG/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/Crlx1Hfosmf/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/CrrHLrDgBpU/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/CrsDSDxInu6/?utm_source=ig_web_copy_link

ТАҒЗЫМ МЕН ҚҰРМЕТ 9 мамыр - Жеңіс күніне орай ауыл орталығында орналасқан ескерткішке "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" тақырыбында гүл шоқтарын қою салтанаты өтті.
Ұзтаздармен мен оқушылары Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан батырлардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Мектеп өнерпаздары патриоттық әндер орындап, ел қорғап жүрген азаматтарға жылы лебіздерін білдірді.
Салтанатты шараға Тәңірберген ауылдық округінің әкімі Бекжанов М.Т., мектеп ұжымы, Жас Ұлан

балалар ұйымы, Мектеп Парламенті және ауыл тұрғындары катысты.
Қатысушылар соғыс кезінде ұрыс даласында қаза тапқан сарбаздарды бір минуттык үнсіздікпен еске алды.
https://www.instagram.com/p/CsB0fl2ojBh/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==




**Психологиялық қызмет бойынша 2022-2023 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар есебі**

Психологиялық кызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Психологиялық жұмыс 4 бағытта жүргізілді. Диагностика , консультация, түзету-дамыту жұмыстары, психологиялық ағартушылық –дамыту жұмысы.

Осы жоспарды басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылының I тоқсанында төмендегідей жұмыстар атқарылды.Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында «Керн Иерасек» топтық тест жүргізілді.1 сынып оқушыларының мектепке деген бейімделуі «қанағаттанарлық», тест қорытындысымен сынып жетекшілері танысты. Осы тесттің қортындысы негізінде және жоспарға қосымша құрастырылған «Мен оқушымын» бағдарламасына сай 1 сыныптармен келесідей жаттығулар жүргізілді:

1. Алақай, мен оқушымын!
2. Мектеп өмірінің ережелері.
3. Қабылдау мен есте сақтауды дамыту жаттығуы (Артемьев)

Осы бағдарлама аясында «Мектептегі көңіл –күй» жаттығуы қараша айында өткізілу жоспарланып отыр.



Оқу жылының басында 6 сынып жетекшісінің сұранысы бойынша «Бақытты отбасы – бақытты бала» жиналысында психологпен ата –аналар кездесуі ұйымдастырылып, танысу және «Менің балам» жаттығулары өткізілді.



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне қолайлы ахуал қалыптастыру комуникативті дағдыларды дамыту, ұжыммен біріктіру, топтық қарым-қатынасты нығайту, жағымды эмоционалды фон қалымтастыру мақсатында сынып оқушыларымен «Жас із кесушілер», «Следопыт» тақырыбында психологиялық акция ұйымдастырылды. Түзету-дамыту жұмысы жоғары деңгейде өтті.



Қыркүйек айының 2 аптасында оқушы бойындағы агрессия деңгейін анықтауға арналған «Басса –Дарки » онлайн диагностикасы жүргізілді. Диагностикаға мектебіміздің 6-11 сынып оқушылары қатысып, 101 оқушы қамтылды. Қортынды нәтижесімен сынып жетекшілерін таныстырылды және түзету –дамыту бағытында 6 орыс сыныбымен «СТОП АГРЕССИЯ» түзету дамыту жұмысы жүргізілді.



Қазан айында 5 сынып оқушыларымен оқу мотивация деңгейін анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» Н.Г.Лусканов сауалнамасы жүргізілді.Қорытындысымен сынып жетекшілері танысты. 5 сынып оқушыларының мектепке деген бейімделуі «қанағаттанарлық».



Қазан айында 5-7 сынып оқушыларымен Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Гудман сауалнама жүргізілді. Барлығы 49 оқушы қатысты. Қортынды бойынша 100 % көрсеткіш бойынша қалыпты деңгей анықталды.

2 қазан күні 1 сынып ата-аналармен «1- сынып ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналар балаларының сауалнама қорытындысымен танысып, қосымша ата –аналардан баланың мектепке бейімделуі туралы сауалнама алынды.



Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережесіне сәйкес мүдделі органдардың келісімімен білім беру ұйымдарында мобильдік топ құрылды. Мобилді топ мүшелерімен ұйымдастыру отырысы өткізілді. Оқу жылының басында «Тәуекел топ» оқушыларын анықтау мақсатында мектептің барлық сынып жетекшілеріне өлшемшарттар таратылды. Өлшемшарттар негізінде тізім құрылды. Және мобилді топтың отырысы негізінде «тәуекел топ» оқушыларының тізімі құрылды.

Қыркүйек –қазан айында «Qabilet» қызметі арқылы ЖББМ оқушыларының зияткерлік және жеке әлеуетін өлшеу бағдарламасы аясында «4К» бойынша 10-11 жастағы балалардың қабілеттерін диагностикалауға дайындық негізінді оқушыларды сайтқа тіркеу жұмысы жүргізілді. Диагностикаға барлығы 38 оқушы қатысуы керек болса, қазіргі таңда тіркелгендер саны 22 –ке жетті

Мектебімізде ЕББҚ ететін 5 оқушы бар. Осы оқушыларды үздіксіз бақылау жүргізіліп келеді. Оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып құрылған жоспарға сай түзету – дамыту сабақтары жүргізіледі.
Жас мамандармен «Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту» мақсатында **«Жаңа оқу жылын- жалынды жастық жігермен бастайық!»**
тақырыбында тренинг өткізілді.
II тоқсан бойынша атқарылған психологиялық жұмыстар бойынша № 1 мобильді топтың отырысы шешімімен тәуекел топқа жататын оқушыларына әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау мақсатында СТОТ әдістемесі алынды. Әдістемесі қортындысы қалыпты бейімделу деңгейін анықтады. Қараша айында 11 сынып оқушыларының ата –аналарына «ҰБТ: өткізілу тәртібі» жиналысына қатысып, ата – аналарға психологиялық тұрғыдан балаға қолдау көрсету туралы жадынама таратылып, таныстырылды. Қараша айының 2 аптасында қарым –қатынасты анықтауға арналған Социометрия сауалнамасы 5-11 сыныптар арасында жүргізілді. Сауалнамаға 102 оқушы қатынасты: Диагностика қорытындысы бойынша тек 6 сыныптың ресми лидері мен ресми емес лидері сәйкес келіп тұр.
2-4 сыныптар арасында «Мен бәрін орындай аламын!» қабылдау мен есте сақтауды дамытуға арналған психологиялық тренинг өткізілді.
Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейін анықтау және тәрбиенің қай бағытының әлсіздігін білу тәрбие жоспарын құруда сол бағыт бойынша жұмысты жандандыру мақсатында «Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейі» толтырылды.
Жалпы мектеп оқушыларының 216- нің тәрбиелік деңгейі «жоғары мен жақсыны» құрап, мектептің жалпы тәрбиелік деңгейі ***88,2%*** көрсетті.Тәрбиелік деңгейі «жоғары» сыныптар:3 орыс, 6 қазақ, 6 орыс, 8 қазақ. «Төменгі» деңгей салыстырмалы түрде сыныптары 11 орыс, 10 қазақ, 7 қазақ.
14- 25 қараша аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын- алу басты міндет» апталығы аясында 15 –қараша күні 7-11 сыныптар арасында «Мен және менің құқығым» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 46 оқушы қатынасты: Диагностика қорытындысы бойынша оқушыларың құқықтық білімі жақсы деңгейде.
II тоқсанның басынан бастап 5 сыныптың сынып жетешісі Қ.Б. Амантурлиеваның сұранысы бойынша 5 сыныптардың орта буынға бейімделуіне қолайлы орта қалыптастыру мақсатында «Жұлдызды сәт» психологиялық ойыны бастау алды. Жұма сайын 5 сыныптың 2 оқушысының кеші болды, ата –аналар, пән мұғалімдері белсене қатысты. Бұл шара әліде өз жалғасын табуда.
21 қараша күні «Балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын –алу және оған ден қою бойынша ББҰ қызметкерлерінің іс –қимыл алгоритмі» тақырыбында семинар практикумға қатыстым.
Саржансай ЖОББ мектебінде білім алушылардың психо- эмоционалды сауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрететін заманауи форматтағы «Бақытты бала –отбасы айнасы» психологиялық акциясының жоспары құрылды. Жоспар мектеп директорымен бекітілді. Жоспарға сай 5-8 желтоқсан аралығында 1-4 сыныптар арасында «Менің бақытты отбасым» сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқау қортындылары 12 желтоқсан күні мектепішілік жиында жарияланады. Мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды, сілтемесі төменде:
https://www.instagram.com/reel/Cl8aZp8oW7E/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Акция аясында мектептің әлеуметтік педагогы А.А.Насырова 5-11 сыныптар арасында «Отбасыммен қарым -қатынас» эссе байқауын ұйымдастырды.

Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында 7 желтоқсан күні 10-11 сынып оқушыларына «Отбасы тәрбиенің ұясы» тақырыбында дөңгелек үстелі өткізілді.




Акция жоспарына сай ата – аналар мен мұғалімдер ұжымына «Бақытты отбасы ол...» тақырыбында жадынама таратылды. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды, сілтемесі

төменде:https://www.instagram.com/p/Cl3ZDXtlvnc/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Мектеп және ата аналар қоғамының баланы оқыту және тәрбиелеу ісіндегі ұстанымының артықшылықтарын көрсетіп, жолдастық қарым –қатынас орнату мақсатында желтоқсанның 6 –сы күні «Бақыт мекені» атты коуч –сессия өткізілді. Іс – шараға 8 мектеп мұғалім 10 ата-ана қатысты.

Сонымен қатар, психодиагностикалық бағытты жеке адамның типін анықтауға - бағытталған ДЖ. Голланд әдістемесі 7-11 сыныптар арасында жүргізілді. Әдістеме қортындысы бойынша зерттелушілердің арасында әртістік тип көп екендігі анықталды. Бұл тип адаммен қарым-қатынаста өз қиял-сезіміне сенеді,сүйенеді.Өмірге сезімталдықпен қарайды. Мінез ерекшелігі: шешім қабылдауға тәуелсіз,икемді,өзімшілдігі мол. Шығармашылық кәсіпті ұнатады:музыка,сурет салу,гуманитарлық саладағы қызметке бейім. Бұлар тарих,филология,өнер жағын ұнатады. Ал **Реалистік тип** Эмоциялық тұрақтылығы жоғары,заманына қарай бейімделе біледі.Ептілікті талап ететін,үнемі қозғалыста болатын кәсіппен айналысқанды жөн деп есептейді.Міндеті нақты бір кәсіпті:механик,жүргізуші,инженер,агроном т.б. мамандықтарды ұнатады. **Интеллектуалдық тип.** Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім. Ғылыми тұрғыда мамандықты таңдайды.Қызметтің мына түрлерін ұнатады:математика,география,геология,шығармашылық кәсіптер.**Әлеуметтік тип**.Айрықша әлеуметтік ептілігі бар,айналасындағыларға тәуелсіз,жағдайға тез бейімделгіш,сезімтал.Ұнататын қызмет саласы: психология,медицина,педагогика.**Конвенциялық тип**. Құрылымдық қызметке бейім,нұсқау бойынша істейді.Ұйымдастырушылық қабілеті аз,ауыз сөзге жоқ.Ұнататын мамандықтары:бухгалтер,финансист,тауартанушы,экономист,іс жүргізуші,кеңсе қызметкері. **Тапқыр тип**. Белсенділік,қызбалықты,құлшынысты,ынта-жігерді талап ететін міндеттер мен мақсатты таңдайды. Мінез ерекшеліктері: басшылық етуді,нұсқау беруді,тапқырлықты ұнатады. Мұндай мінез ерекшеліктері дипломат,репортер,менеджер,директор,делдалға лайықты.

Желтоқсан айында "Құпия дос" ойыны өткізілді. Ойынның басты мақсаты – бір-бірімізге қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту болатын психолог ұсынысы бойынша 6 қазақ және 8 орыс сыныптарында өткізілді.
Желтоқсан айында «Qabilet» қызметі арқылы ЖББМ оқушыларының зияткерлік және жеке әлеуетін өлшеу бағдарламасы аясында «4К» бойынша 10-11 жастағы балалардың қабілеттерін диагностикалауға дайындық негізінді оқушыларды диагностикадан өткізу жұмысы жүргізілді. Диагностикаға барлығы 38 оқушы қатысты.

Қаңтар айында мектептің психологиялық қызметі жоспар бойынша орындалды. Оқушылардың психо-эмоционалдық жағдайы әрдайым бақылауда болып, қадағаланды. Мектеп психологының шақыртуы бойынша және жеке сұраныстар бойынша кеңеске келген оқушылар саны 6 болды. Диагностикалау бағыты бойынша 6-11 сынып оқушыларынан «Басса –Дарки әдістемесі» агрессия деңгейін анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. Диагностика қортындысы бойынша « қастандыққа жақын» көрсеткіші 20 оқушыда шектік деңгейге жетіп тұр, ал «агрессияға» бейім 2 оқушы анықталды. Сауалнамаға қатысқан 99 оқушының 78% «қалыпты жағдайды» көрсетті. Агрессияға бейім 2 оқушымен кеңес жүргізілді.




9 сыныптың жетекшісі ұйымдастырған ата –аналар жиналысына қатысып, «Баланы түсінейін» жаттығу өткізілді.




Баланың өз отбасы мен оның алатын орнын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» әдістеме 3-4 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Әдістеме бойынша қортындылау жүргізілді. Дарынды балалармен жұмыс бойынша 7-8 сыныптар арасында «Қызығушылық картасы» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қортындысы бойынша оқушылардың қызығушылығы әртүрлі бағытқа, соның ішінде:

- ✓ Адам анатомиясы мен физиологиясы бойынша оқулықтар мен сабақтар мен
- ✓ Шетел тілі сөздіктерімен жұмыс істеу,аз таныс тілдердің тіркестерін зерделеу
- ✓ Спорттық ойындарды ойнау.
- ✓ Қандай да бір спорттық секцияға қатысу.

Жасөспірімдер арасында криминогендік жағдайлардың және суицидтің алдын –алу, девиантты мінез –құлықтың алдын-алу бойынша «Заң біткен жерде, зұлымдық басталады» 9-11 сыныптарға арналған дөңгелек үстел өткізілді.




Ақпан айында мектептің психологиялық қызметі жоспар бойынша жүргізілді. Оқушылардың психо-эмоционалдық жағдайы әрдайым бақылауда болып, қадағаланды. Мектеп психологының шақыртуы бойынша және жеке сұраныстар бойынша кеңеске келген оқушылар саны 5, ата –аналар тарапынан 1 адам психологиялық кеңеске жүгінді. Диагностикалау бағыты бойынша 5-7 сынып оқушыларынан «Р.Гудман» жасөспірімдердің мықты жақтарын және қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. 5-7 сынып оқушылары арасынан барлығы 58 оқушының 48 оқушысы диагностикадан өтті. Қортынды бойынша 100 % көрсеткіш бойынша қалыпты деңгей анықталды. 9-11 сынып оқушыларына қиындықтарды жеңуді және ерік –жігерлерін тәрбиелеу мақсатында «Временные трудности» киносы кинотерапиясы көрсетілді. Балаларға барлық қиындықтардың уақытша екендігін және әр қиындықтан шығар жолдың бар екендігін үлгі мақсатында көрсетілген фильм оқушылардың көңілдерінен шықты.




14 ақпан күні Ақтөбе облыстық ғылыми –тәжірибелік орталығының жоспарына сай «Жасөспірімдік шақтағы дағдарысты өткеру жолдары» тақырыбында семинар –тренингке қатыстып, сертификат алдым.

Мектеппен ата –ана, соның ішінде әкелермен тығыз байланыс ортану мақсатында өткізілген «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» әкелермен кездесуінде психологиялық жағымды ахуалды орнату мақсатында «Өрмекші торы», «Үнсіз орында» жаттығулары жүргізілді.




Ақпан айының жоспарына сай ақыл-ойды дамыту ойындары 2-4 сынып оқушыларымен өткізілді. Сонымен қатар 5-6 сыныптарға «Кім ақылды?» тақырыбында ақыл –ойды дамытуға бағытталған тренингтік жаттығулар өткізілді.



5 сыныптың психологиялық қолайлы ортаға бейімделуіне және әр оқушының сыныпта өз орны барын ұғындыру мақсатында қараша айынан бастау алған «Жұлдызды сәт» психологиялық ойыны жалғасын табуда.



Наурыз айының 30 күні 2022-2023 оқу жылының түлектерімен «Жақсы көңіл –күй жан азығы» атты тренинг өткізілді. Тренингті 11 сыныптың жетекшісінің сұранысы негізінде ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті жеңуде жол көрсету, ҰБТ-ны сенімді тапсыруға дайындау.

Сонымен қатар, IV тоқсанның жоспарына сай сәуір айында 1-4 сыныптар арасында Т.В.Артемьева бойынша қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Есте сақта» оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларында әсерлі есте сақтаудың дағдыларын қалыптастыруға, есте сақтау қабілеттерін дамыту жаттығулары ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/CrNuJBFoVc8/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Мектептің әлеуметтік желісіндегі парақшада ата –аналар назарына кибербуллинг туралы ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Cq7p2tZInTB/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

«Көңілді қоңырау» оқушылардың үзіліс барысында ойлау қабілетін логикалық сұрақтар арқылы дамыту, бос уақыттарын тиімді пайдалану және бой сергіту мақсатында өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CrKzKWyIXZS/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

10 мамыр күні мектебіміздің мобильді тобының отырыс өткізілді. Отырыста мектебімізде орын алған мәселелер қозғалып, мобильді топтың жұмыс жоспары құрылды.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «Менің сыныбым буллингке қарсы» бейнеролик, фотосурет, суреттер челленджі біздің де мектепте өткізілді.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана –сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысын тәрбиелеу.






Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты бастамасымен «Менің мектебім буллингке карсы!» жалпы республикалық флешмоб 19 мамыр күні өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CsajKTBIflV/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Қорыта келгенде, 2022-2023 жылдың I жартыжылдығы бойынша оқушылармен 40 , жас мұғалімдермен 1, 1 ата –анамен диагностикалық жұмыс жүргізілді, диагностикаға 604 оқушы және 7 жас мұғалім және 1 ата-ана қатысты, барлығы 38 кеңес берілді. Сонымен қатар 74 ағартушылық және түзету- дамытушылық жұмыс жүргізілді